

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

ҚЫПШАҚ-НОҒАЙ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ СОМАТИКАЛЫҚ АТАУЛАРҒА САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ТАЛДАУ

Жорабай Т.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Астана, Қазақстан

temirlan_zhorabay@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріне ортақ соматизмдердің ішінде бас, мойын, қол және аяқ мүшелеріне қатысты атаулардың қазіргі тілдік қолданыстағы нұсқасы мен тарихи жазба ескерткіштердегі нұсқаларына салыстыру жасалады. Салыстырмалы талдауға алынған соматизмдер лексикографиялық және этимологиялық еңбектерге негізделіп іріктелген. Бір генеалогиялық топқа жататын үш тілдегі соматикалық атауларға қатысты зерттеулерге шолу жасалады. Зерттеу нысанына алынған дене мүше атауларының түбір негіздері мен тарихи архетиптік нұсқалары салыстырылады.

Кілт сөздер: соматикалық атаулар, лексика-семантикалық жүйе, салыстырмалы талдау, қазақ тілі, қарақалпақ тілі, ноғай тілі.

Abstract. The article makes a comparison among the somatisms common to the Kazakh, Karakalpak and Nogai languages. For comparison, somatisms related to the organs of the head, neck, arms and legs that exist in the modern language and on the versions found in historical written monuments are selected. The somatisms obtained for comparative analysis were selected on the basis of lexicographic and etymological works. In particular, a review is made of studies of somatic names in three languages belonging to the same genealogical group. The root bases and historical archetypal variants of the names of body parts taken on the object of research are compared.

Keywords: somatic names, lexical and semantic system, comparative analysis, Kazakh language, Karakalpak language, Nogai language.

Соматикалық лексика тілдегі көне лексикалық қабатқа жататын универсалды сөздер тобы әрі кез келген тілдің лексика-семантикалық жүйесінде басты орын алатын тақырыптық топтардың бірі ретінде лингвистикада салыстырмалы-тарихи, құрылымдық және лингвомәдениеттану тұрғысынан ең көп қарастырылған зерттеу нысаны екені белгілі. Түркі тіл білімінде Д.Х. Базарова дене мүшелері атаулары және олардан туындайтын сөздердің семантикасын қарастырса [3], Ә.С. Ташауов «Кодекс Куманикус» тіліндегі соматикалық атаулардың лексика-семантикалық топтарына талдау жасады [11].

М.К. Ахметова мен Ф.Р. Маннап сынды зерттеушілердің атап көрсеткеніндей қазақ тіл білімінде дене мүше атауларының синонимдік, сөзжасамдық жүйелері, фразеологизм жасаудағы қызметі және әлемнің тілдік бейнесіндегі ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер жасалған [2:132]. Сондай-ақ дене мүше атауларының фольклорлық мәтіндердегі қолданысы [2:132-136],

көрнекті авторлардың тілдік тұлғасындағы қолданыстық ерекшеліктері қарастырылды [6:43-52]. Ал қарақалпақ тіліндегі соматизмдердің фразеологиялық ерекшеліктеріне байланысты Г.А. Алламбергенованың зерттеулеріне жүгіне аламыз [1:15-19]. Соматикалық атаулардың лексика-семантикалық жүйесі туыстас қазақ-қарақалпақ тілдерінің лексикалық базасы аясында әрі тарихи-салыстырмалы тұрғыда қарастырылмағанын ескерсек, зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындалады. Аталмыш тілдерге ортақ соматикалық атаулардың тарихи қалыптасу ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасау осы зерттеу жұмысының басты мақсаты болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ және қарақалпақ тілдерінің ортақ соматизмдерінің: *бас, мойын, қол және аяқ* мүшелеріне қатысты атаулары алынды. Олардың қазіргі тілдік қолданыстағы нұсқасы мен тарихи жазба ескерткіштердегі нұсқаларына жасалған салыстырмалы талдаулар тарихи лексикографиялық және этимологиялық еңбектердегі тілдік материалдарға негізделді [4, 5, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14]. Соматикалық атаулардың қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қазіргі нұсқасы көне түркі және орта түркі дәуірі жазба ескерткіштерінде кездесетін нұсқаларымен, сондай-ақ этимологиялық реконструкциясы жасалған прототүркілік архетиптерімен салыстыру арқылы олардың тарихи даму кезеңдеріндегі өзгерістері сараланды. Салыстырмалы талдауда қамтылған сөздердің *бас* және *мойынға* қатысты атаулары *1-кестеге*, *қол* және *аяққа* қатысты атаулар *2-кестеге* түсірілді.

Тілдік материалдардың дереккөздері «Көне түркі сөздігіндегі» (Древнетюркский словарь) [5:XXI-XXXVIII] және «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігіндегі» (ЭСТИЯ) қысқартылған нұсқаларымен және беттік нөмірленуімен берілді.

1-кесте: Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі адамның бас мүшесі мен мойын бөлігіне қатысты атауларының жазба ескерткіштер бойынша салыстырмалы кестесі.

<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Ққалп. тілінде</i>	<i>Ноғай тілінде</i>	<i>Көне түркі жазба еск-де</i>	<i>Орта түркі дәуірі жазба еск-де</i>	<i>Шығу төркіні мен прототүркілік негіздері</i>
<i>Bas</i>	<i>Bas</i>	<i>Bas</i>	<i>Baş (Bq 25, Top 31, Ktb 4)</i>	<i>Bas (QBN 25₃) Baş (MK 41₁₅) [5:86]</i>	<i>Прототүрк.: balč [4:316] *nau (А.М. Щербак) [8:87]</i>
<i>Köz</i>	<i>Köz</i>	<i>Köz</i>	<i>Köz (Kmb 50,51)</i>	<i>Köz (MK I 340) [5:320]</i>	<i>Прототүркілік *göř (gör=gös) - көру [4:242]</i>
<i>Qas</i>	<i>Qas</i>	<i>Kas</i>	<i>Qaş (Ktb 11)</i>	<i>Qas (TT VII 34₁₁; MK I) [5:431]</i>	<i>Шығу төркіні *қай - иілу,</i>

					(қайыш>қа:ш). Қаз: қайысу (А. Вамбери) [13:345]
Şaş	Şaş	Şaş	Saç (Bq Ha 1)	Saç (QBN 416 ₉)	Түпкі формасы *saç (А.М. Щербак). Гольд. cāž, эвенк. cāži – бұрым [12:231]
Awiz	Awiz	Aviz	-	Ağiz (МК 40 ₁ ; QVK 68 ₇) [5:21]	Түрк. көне формасы - ağız. Салыст: як. уос - ерін, монг. ang - үңірею, angaj – ашу [7:82]
Til	Til (Tул)	Til (Tул)	Til (Ton 3, 36)	Til (QBN 32 ₇) [5:559]	* Til<ti – айту, деу, -l>ti:l. d'elga 'міл' [9:229]
Tis	Tis (Tuc)	Tiş (Tuc)	-	Tiş (QBN 404 ₅) [5:563]	Архетиптер: *ти:ш, ты:ш. [9:243]
Qulaq	Quwlaq	Kuwlak	Qulğaq (Bq 12)	Qulğaq (МК I 383); Qulaq (QVK 214 ₈); Qulğaq (QBN 400 ₃) [5:465]	Түркі-монг. параллельдер: түрк. қулақ – құлақ // монг. quluqi, халха. хулхи – құлық. [14:124]
Murin	Muwrin	Buwrin	-	Burun (МК I 412) [5:126]	Burun >bur, bura – иіскеу [8:270]. Қаз.: бұрқырау
Erin	Erin (Ерин)	Erin (Эрин)	-	Erin (МК III 74) [5:178]	ПМонг.: eri-yün – иек [4:385]
Maңda у	Maңlay	Maңlay	-	-	Мәң – ми, ил – алдыңғы, илай – алдыңғы бөлік (М.Рэсенен) [12:41]
Bet	Bet	Bet	-	Bit (ТТ VII 41 ₄) [5:103]	Түпкі архетипі *bet болуы мүмкін [8:121]

Öñ	Öñ	-	Jañaq (Bq Ha 12) – бет	жүз: ең (QVK 46 ₁₂) екі ұрм: еñäk – (MK I 135)	Бет әлпетке қатысты өң//ең параллелдері [7:533]
İjek	İjek	İjek	-	[5:174] jañaq (MK III 376, Юз С ₅₆) [5:233] eng-, ing-(Atebet.xix)	Архетиптері: еңек, иңек. Салыст.: қырғ.-алт. е:к, чув. ана [7:284-285].
Žüz	Žüz	Jüz	-	Jüz (Uig III) [5:288]	ПТүрк.: jüř [5:386]; Монғ.: dūri, манч.: durun – түр, nišün [10:259]
Boğaq	Boğaq	-	Boğaz - тамақ (Топ 8,25)	Boğaz (MK I 364) Boğuz (QVK 164 ₁₀) [5:109-110]	Ең көне формасы *boğoz. Монғ.-boğarla-бауыздау [8:167]. Қаз. – бауыздау.
Tamaq	Tamaq	Tamak	-	Tamaq (TT VIII I ₁) [5:530]	Түбір негіздері: *там, *тама [9:142]
Mojin	Mojin	Mojin	-	Bojin (MK I 127); Bojun (MK III 325; QBN 229 ₁₁) [5:110]	Архетиптері: bo:n // Mo:n boñ (М. Рэсэнен) roj (А.М. Щербак) [8:181]

2-кесте: Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі адамның қолы және аяғына қатысты атауларының жазба ескерткіштер бойынша салыстырмалы кестесі.

Қазақ тілінде	Ққалпақ тілінде	Ногай тілінде	Көне түркі жазба еск-де	Орта түркі дәуірі жазба еск-де	Шығу төркіні мен прототүркілік негіздері
Qol	Qol	Kol		Qol (MK III 134; QBN 41) [5:453]	ПТ: *kol – қол. Чув. хул, ПМонғ: *köl [5:306-307]

<i>Bilek</i>	<i>Bilek</i>	<i>Bilek</i> (билек)	-	<i>Biläk</i> (МК 258 ₁₁ ; МК 341 ₁₀ ; QVK 123 ₁₁) [5:99]	Тұңғ.-манч.: билэн; монғ.: <i>bile</i> ; эвен.: билэн [8:146]
<i>Alaqan</i>	<i>Alaqan</i>	<i>Aja</i>	-	<i>Aja</i> (<i>Suv</i> 168 ₂₃ , 312 ₂₀) [5:25] <i>Салыст.</i> үшін: қаз.: аядай	бастапқы түбір <i>al-</i> ‘алу’ болуы мүмкін: осм. <i>äl</i> – «қол»; монғ.- <i>alau</i> , <i>alaga</i> [7:103].
<i>Sawsaq</i>	<i>Sawsaq</i>	<i>Barmak</i>	-	<i>Say</i> – сауу (МК II 15) [5:480]	Түбір негізінде сауу семасы жатуы мүмкін.
<i>Barmaq</i>	<i>Barmaq</i>	<i>Barmak</i>	Ең белсенді мүше болғанына қарамастан көне ескерткіштерде кездеспейді [8:67]		<i>Barı</i> – монғ. ұстап алу, <i>barımaq</i> – ұстаушы (Г. Рамстедт) [8:67]
<i>Tırnaq</i>	<i>Tırnaq</i>	<i>Tırnak</i>	-	<i>Tırnaq</i> (<i>Man</i> I 17 ₂₀) [5:569] <i>Tırnaq</i> (МК III 382; QVK 242 ₁₄) [5:569]	ПТ: * <i>dir̥na-k.</i> Монғ.: <i>tu(yu)raγun</i> – тұяқ. Түбір негіз <i>tırna</i> етістігі [4:194]
<i>Ajaq</i>	<i>Ajaq</i>	<i>Ajak</i>	<i>Adaq, adağ</i> (<i>Ktb</i> 47)	<i>Ajaq</i> (МК 54 ₁₇) [5: 27] <i>Адақ</i> (МК 100 ₁₅ ; QVN 65 ₇) [5:14] <i>Adaq</i> (QVN 104 ₂₄) [5:8] <i>Azaq</i> (МК I 32) [5:72]	Түбір негіздер: <i>at, au, az, ar</i> (Г. Вамбери); Монғ.: аялах – аттану, айсу – жүріп келеді; Ad- адымдау < <i>adim, atla</i> (Ю. Немет) [7:103]
<i>San</i>	<i>San</i>	<i>San</i>	-	<i>San</i> (Юз C ₂₇₆) [5:483]	* <i>sa:n</i> – сан, дене бөлігі [12:202]
<i>Tize</i>	<i>Dize</i>	<i>Tiz (muz)</i>	<i>Tiz (Ktb 2)</i>	<i>Tiz</i> (<i>Uig</i> III 28 ₁₂ ; <i>Uig</i> II 47 ₇₈) [5:564]	ПТ: <i>dijr̥</i> – мізе; <i>düjz</i> [4:344]

<i>Baltir</i>	<i>Baltir</i>	<i>Baltir</i>	-	<i>Baltir</i> (ТТ VII 20 ₆) [5:81]	<i>Архемуні</i> * <i>baltur</i> (М. Рэсенен) [8:55] <i>Салыст.: baldir</i> – таудың емегі (МК 229 ₁₁) // <i>balaq</i> – шалбардың <i>тізеден</i> <i>төменгі жағы</i> [8:51]
<i>Tobiq</i>	<i>Tobiq</i>	<i>Tobik</i>	-	<i>Tobiq</i> (<i>Usp</i> 4 ₂₉ ; ТТ VII 20 ₄ , 11) [5:56]	ОТ: <i>topik</i> ; Палт: <i>topu</i> – <i>тізе</i> ; ПМонг.: <i>tojig</i> – <i>тізе</i> <i>ұршығы</i> [4:346]
<i>Taban</i>	<i>Taban</i>	<i>Taban</i>	-	<i>Taban</i> (МК I 400) [5:524]	ПТ: * <i>tāpan</i> ; Палт.: <i>t'āba</i> , монг.: <i>tabay</i> – <i>аяқ</i> [4:276]

Мысалға алынған соматикалық атаулардың ішінде *саусақ* сөзі қазақ пен қарақалпақ тілдерінде ғана, ал ноғай тілінде *бармақ* нұсқасында сақталған. Тиісінше сауу (*Say* (МК II 15) [5:480]) етістігінен өрбіген *саусақ* сөзі семантика-синтетикалық тәсілмен кейін қалыптасқанын, ал қазақ пен қарақалпақ тілдеріндегі *бармақ* сөзінің адам қолының алғашқы саусағын білдіретін мүше ретінде мағыналық тұрақтылығын сақтап қалғанын, ал ноғай тілінде жалпы *саусақ* мағынасына қарай кеңейгенін байқай аламыз. *Бармақ* сөзі түркі-моңғолдық түбір негізге жататын *bari* түбірінен өрбитіні белгілі. Сондай-ақ *өң*, *бұзақ* сөздері ноғай тілінде өзге екі тілдегідей негізгі лексикалық қорда кездеспейді. Салыстырылған 30 сөздің 27-сі аздаған дыбыстық айырмашылықтар болғанымен, мағыналық теңдігін сақтаған.

Талдау нәтижесі бойынша, тарихи лексемалар алынған жазба ескерткіштер мен реконструкциялық тұжырымдар негізінде қазақ және қарақалпақ тілдеріне ортақ соматикалық атаулардың шығу төркіні орта түркілік, көне түркілік, түркі-моңғол және арғы алтайлық кезеңдерден бастау алатынын көре аламыз.

Әдебиет

1. Алламбергенова Г.А. Стилистическое использование соматических фразеологизмов в поэзии И. Юсупова // Вестник Челябинского государственного университета. 2018. № 4 (414). Филологические науки. Вып. 112. С. 15–19.

2. Ахметова М.К., Маннап Ф.Р. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі соматикалық атаулар қолданысы. Қазақтың ұлттық коды – төл жазу:

Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Орал: БҚИТУ баспасы, 2018. – 204 б.

3. Базарова Д.Х. Семантика наименований частей тела и производных от них в тюркских языках: диссертация ... кандидата филологических наук: – Москва, 1967. – 257 с.

4. Дыбо А.В. Этимологический словарь тюркских языков. Том 9 (дополнительный). Этимологический словарь базисной лексики тюркских языков. – Астана: Proper Print, 2013. – 616 с.

5. Надеяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, Ленинградское отделение, 1969. – 677 с.

6. Сабырханова, Р. Т. М-Ж. Көпеев шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер). Оқу әдістемелік құрал. – Павлодар, 2005. – 160 б.

7. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР. Ин-т языкознания. – М.: Наука, 1974. – 768 с.

8. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / АН СССР. Ин-т языкознания. – М.: Наука, 1978. – 349 с.

9. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «В», «Г» и «Д» / АН СССР. Ин-т языкознания; Ред. Н. З. Гаджиева. – М.: Наука, 1980. – 395 с.

10. Севортян Э.В., Левитская Л.С. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж», «Ж», «Й» / Авт. сл. статей Э. В. Севортян, Л. С. Левитская. – М.: Наука, 1989. – 295 с.

11. Ташауов Ә.С. «Кодекс Куманикус» тіліндегі соматикалық атаулар және олардың лексика-семантикалық топтары. // Канд. дисс. автореф. Алматы, 1995. – 24 б.

12. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С». / Авт. сл. статей Левитская Л.С., Благова Г.Ф., Дыбо А.В., Насилов Д.М. – М.: Восточная литература РАН, 2003. – 446 с.

13. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. – М., Языки русской культуры, 1997. – 368 с.

14. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. – М., Индрик, 2000. – 265 с.